

Список использованной литературы

1. Кулиева Ш. А. Развитие переводческого дела в Центральной Азии: опыт Казахстана / Ш. А. Кулиева // Полилингвистичность и транскультурные практики. – 2018. – Т. 15, № 4. – С. 528–536. – DOI 10.22363/2618-897X-2018-15-4-528-536.
2. Букетов К. Друг мой, брат мой. – Караганда: КарГУ, 1994. – С. 30.
3. Даниярова, А. Е. Значение литературы в творчестве академика Е. А. Букетова / А. Е. Даниярова, Н. А. Данияров // Известия Томского политехнического университета. Инжиниринг георесурсов. – 2013. – Т. 322, № 6. – С. 155–159.
4. Сарсеке М. Тернии и триумф Евнея Букетова: роман-эссе / М. Сарсеке. – 6-е, подарочное изд. – Караганда: ТОО «Арко», 2011. – С. 105.

ӘОЖ 82-94

ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Боранова М.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Әдеби шығарманың мазмұны мен оған тән көркемдік ерекшелігін сақтай отырып жеткізу көркем аударманың күрделі үрдісі. Осы орайда, Евней Бөкетов шетел жазушыларының шығармаларын ана тілімізде сөйлетіп, қазақ әдебиетінде көркем аударманың дамуына елеулі үлес қосқан. Ақын Сырбай Мәуленов «Сан салалы сабақтар» атты Е.А. Бөкетов жайлы естелікте: «*Түн ортасы ауғанша сабақ беру, оқу, жазу жұмысынан бір босамайды. Әр уақыт жұмыс үстінде. Ол маған Маяковскийдің «Жақсысын» аударып жүргенін айтты*», -- дейді. Е.А.Бөкетов ғылым мен білімді қатар алып, шығармашылыққа да аса назар аударғанына көз жеткіземіз.

Евней Бөкетов өзінің «Көркем аударма, хал қалай?» атты мақаласында орыстың белгілі ақыны В.А.Жуковскийдің сөзін еске түсіреді: «*Прозаны аударушы – автордың құлы, поэзияны аударушы – автордың бәсекелесі*». Көркем аудармашы түпнұсқа мәтінді сөзбе-сөз аудару мен оның мәнін, мағынасын сақтай отырып еркін аудару арасындағы тепе-теңдікті табуы тиіс. Ғалым аудармаларында бұл қағиданы ұстанып, мәтіннің мазмұнын өзгеріссіз қалдыруға тырысқан.

Жалпы бұл іске ден қою асқан жауапкершілік пен сүйіспеншілікті қажет етеді. Шығармашылықтың қиын үлгісіне Евней Арыстанұлы жастайынан бейім болған. Ғалым Қадірәлин естелігі: «*Евней Букетов әдебиет саласында сыншы, аудармашы ретінде танылды. Ол мектепте оқып жүрген кезінің өзінде қазақ жазушыларының шығармаларын орысшаға аударуға талпынса, кейін орыс жазушыларын қазақшаға аударумен шұғылданды*», -- дегені осының бір дәлелі.

Евней Бөкетов Уильям Шекспирдің «Макбет» және «Юлий Цезарь» трагедияларын, Владимир Маяковскийдің «Қандала» пьесасы мен «Керемет» («Хорошо») поэмасын, «Тамара мен Демон» өлеңін, Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын, «Качаловтың итіне», «Келіншекке хат» өлеңдерін, Джон Флетчердің «Испан сопысы» шығармасын, сондай-ақ Иван Василенконың «Артёмка» повесін, Александр Пушкиннің «Полководец» шығармасын, Иван Вазовтың «Бұғауда» атты романын, Эмиль Золяның әңгімелер жинағын аударған. Аудармалары Қарағанды, Шымкент, Қостанай облыстық драма театрларында қойылып, көрермендердің жоғары бағасына ие болды. «*Академик – жазушы Е.Бөкетов өзі аударған пьесаларының сахналауына да қатты көңіл бөлетін. Әлі есімде, Қарағандыда С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында айрықша дарынды режиссер Жақып Омаров Шекспирдің «Макбет» драмасы бойынша спектакль қойғанда Евекеңнің қандай толқыныс құшағында болып, балаша қуанғаны*» деп жазады ғалым, медицина ғылымдарының докторы Ғабдолла Құлқыбаев.

«*Пушкиннің бір аяқталмаған шығармасы «Гости съезжались на дачу...» деп басталады. Л.Н. Толстой шығарманың осылай оқырманды оқиғаға бірден кірістіре, шомдыра басталуын ерекше бағалағаны көпшілікке мәлім. Демек, осы қысқа, қарапайым, ешбір артық сөзі жоқ сөйлемді біздің ана тілімізде аударса қалай болар еді? Ана тілімізде «съезжались» деген етістікті дәл беру қиын, екіншіден біздің сөз қорымызда кейінгі уақытқа дейін «дача» деген сөз болған жоқ, соңғы кезде ғана мәлім болған осы бір сөзді сол күйінде алсақ, үлкен шығарманың бірінші сөйлемінің шырқы бұзылып, ыргағы ақсап, одағай естіліп тұрар еді*», - дейді Евней Бөкетов өз мақаласында. Қандай да бір ұлтты толық танып-білуде оның тілін білу маңызды екені хақ. Көптеген көркем шығарманың астарында ұлттық код жасырын тұрады. Оны өзге тілдегі оқырманға сезіндіру үшін, тіпті оқиғаны баяндау үшін контекстінің және аударма сөздердің дұрыс қолданысының рөлін Е.А. Бөкетов жеткізеді. Көркем шығарманы сөзбе-сөз аудару оның көркемдік тұтастығына да, автордың өзіндік стиліне де нұқсан келтіруі мүмкін.

Аударма ісінің қиыншылығына байланысты Бөкетов тағы Маяковскийдің «Кереметіне» назар аударады. Ондағы:

*Лет до ста расти
Нам без старости.
Год от года расти
Нашей бодрости.
Славьте, молот и стих,
Землю молодости.*

Қазақ тіліне жасалған аудармада:

*Кәрілік жоқ бізге,
Жетеміз жүзге.
Жылма-жыл үдер
Біздің күш-жігер.
Жастық ел, балғын жер,
Балға - жыр мақтап бер.*

Е.А. Бөкетовтің айтуынша, түпнұсқада өлеңді ырғақты етіп, оған тиісті әсер мен көтеріңкі дауыс беріп тұрған буын: «сти». Қазақ тілінде берілген аудармада әсерлі жолдардың дауыссыз жолдарға аяқталуы, түпнұсқадан алшақтатып тұр. Дегенмен, поэтикалық мәтінде бұл буын тек етістіктерді ғана емес, сондай-ақ «радость», «старость» тәрізді абстрактілі ұғымдарды да қамтитынына назар аудару маңызды. Аудармада да дәл солай, етістікпен қоса «жігер», «жер» деп зат есімдерді де бірегейлейді. Маяковский қолданған әсерлеу қазақ тілінде де тиісті орнын тапты деп қарастыруға болады.

Поэзия аудармасы ерекше қиындық туғызады, өйткені өлеңде ырғақ, ұйқас, интонация, дыбыстық үйлесім маңызды рөл атқарады. Бұл жерде аудармашы екі таңдаудың бірін жасайды: не мағынаны сақтап, өлеңнің пішінін өзгерту, не түпнұсқа пішінді сақтап, бірақ кейбір мағыналық өзгерістерге бару. Осы тұса Е.А. Бөкетов тәржіма жасаған Владимир Маяковскийдің «Анна Снегина» өлеңін қарастырайық. Мұнда ақын Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан сарбаздың жан күйзелісін сипаттайды және 1917 жылғы революцияны қарсы алуын бейнелейді. Автордың еліне оралып, ішкі толғанысын суреттейтін жолдардың түпнұсқасы:

*Война мне всю душу изъела.
За чей-то чужой интерес
Стрелял я в мне близкое тело
И грудью на брата лез.
Я понял, что я — игрушка,
В тылу же купцы да знают,
И, твердо простившись с пушками,
Решил лишь в стихах воевать.
Я бросил мою винтовку,
Купил себе «липу», и вот
С такою-то подготовкой
Я встретил 17-й год, --* деп берілген.

Аудармада:

*Біреудің болып шоқпары
Соғысу батты жаным,
Жақынға мылтық оқтанып,
Туыстың қалып қанына.
Құлығын білген мен енді.
Тылдағы көпес - байлардың,
Зеңбірек емес өлеңді
Оқтауға белді байладым.
Қоштасып мүлдем мылтықпен,
«Липаға» төлеп пұл
Жүргенімде, ту тіккен*

Он жетінші келді жыл, - делінген. Е.А. Бөкетов өлең пішінін, поэтикалық стилін, ырғағын берік сақтаған. Өлеңдегі «Құлығын білген мен енді» жолының түпнұсқадағы — «*Я понял, что я — игрушка*», яғни «**Мен өзімнің ойыншық болғанымды түсіндім**» деген мағынасын береді. Бұл түпнұсқадағы негізгі мағына — адамның біреудің қолындағы ойыншық болғанын түсінуі. Бірақ Е.А. Бөкетов оны «**Құлығын білген мен енді**» деп аударған, яғни «**Мен енді айланы (құлықты) түсіндім**» дегенге жақын. Е.А. Бөкетовтің аудармадағы стильдік ерекшелігі: «липа» сөзін өз күйінде қалдыруынан байқалады. В.И. Даль өзінің «Толковый словарь живого великорусского языка» сөздігінде оны «фальшь», «жалған» деп түсіндіреді. Е.А. Бөкетов сол уақыттың әлеуметтік жағдайы мен автордың көңіл-күйін дәл жеткізу үшін «жалған құжат» деген тіркес қолданбады деп топшылаймыз. Жоғарыда айтылғандай, поэзия аударушысы шынымен-ақ автордың бәсекелісі болса керек.

«Тәржіма туралы ой» атты мақаласында Е.А. Бөкетов В. Маяковскийдің шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған ақындар – Қ. Бекхожин, М. Әлімбаев, Т. Жароков, С. Мәуленов және Қ. Аманжоловтың аударма жұмыстарына талдау жасап, олардың әрқайсысының аудармадағы шеберлігі мен ерекшеліктеріне баға береді. Өзі айтпақшы, «*Қ. Бекхожин мен Қ. Тогызбаевтың жазуында гана тамамдаған аудармасы бар екенін көре тұра аудардым. Бірақ, асып түсейін, озықтық көрсетейін деп аударғам жоқ*», -- дейді. Аудару себебі В. Маяковскийдің «Кереметін» 30 жылдан бері жатқа білетіндігінде. Тіптен көркем туындыны аударуда неше адам аударғаны маңызды емес. У. Шекспирдің «Гамлеті» орыс тіліне отыз рет аударылғанын еске түсірсек болады.

Жалпы алғанда, туындыны өз тілінде сөйлету мәселелерін Е.А. Бөкетов талдап, сыни пікір білдірген. Бұл істің көркемділігі өз парқына жетпеуі, оны шебер сала деп есептейтін көлденең көк аттылардың кірісуінде деген пікірі бар. Көркем аударма – тек тілді білу емес, оны шебер қолдана білу, әдеби стильді сақтау, мәдени контексті жеткізу дегенді білдіреді. Егер аудармашы: түпнұсқаның мағынасын бұрмаласа, көркемдік ерекшеліктерді жоғалтса, автор стилін ескермесе, онда шығарма өз тілінде «сөйлей» алмайды. Ғалым айтатын тағы бір себеп: ғылыми-техника дәуірілеп тұрғанда аударма бағдарында теориялық еңбектер аз дейді. Бертін келе бұл мәселе жеңілдеп, аударма теориялар жайлы еңбектерді А. Жұмабекова, Ә. Тарақов, А. Жақсылықов, Л. Мұсалы, Е. Адаева, К. Әбішева сынды авторлар жазғандарын айта өткен жөн.

Орыс аударматанушысы К. Чуковский көркем аударманы: «**Аударма – жай сөзбе-сөз көшіру емес, қайта құру, қайта жасау**» – деген екен. Аудармашы – тек тіл маманы емес, ол бір мезетте жазушы, әдебиеттанушы және мәдениеттанушы болуы керек. Өйткені түпнұсқаны дәл жеткізу үшін ол автордың жазу мәнерін, тарихи-көркемдік контексті және сол тілдің мәдени ерекшеліктерін терең түсіне білуі тиіс. Сондықтан да көркем аударма – жоғары өнер, ол өзге әдебиетке өзінше мән беретін жойқын құрал екенін ұмытпауымыз шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Е.А.Букетов. «Көкейкесті». – Алматы: «Қазақстан». 2000.
2. «Біртуар». –Қарағанды, 1998.
3. Евней Букетовтың белгісіз қырлары / Қ.Букетов // Ақиқат. - 1992. - №6. - 65-70б
4. Евней Букетов: Трагедия светлой судьбы/ М.С.Сарсеке... – Москва: Молодая гвардия, 2007.
5. Букетов Е.А. Шығармалар жинағы: 6том. Т 6. Кн.4. – Қараганда, 2006. – 423б.
6. С.Есенин. «Анна Снегина». – «Детская литература». 1974.
7. Евней Арыстанұлы Бөкетов Биобиблиографиялық көрсеткіш/ Қарағанды 2015.

УДК 8.80

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ Е.А.БУКЕТОВА

Гельмле А.М., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Евней Арыстанғалиевич Букетов (1935–1983) – выдающийся учёный, педагог, писатель и общественный деятель, имя которого навсегда вписано в историю Казахстана. Его жизнь и деятельность представляют собой пример удивительной многогранности и внутреннего единства.

Как учёный-химик, Букетов добился признания далеко за пределами Казахстана: он был автором фундаментальных исследований в области металлургии, академиком Академии наук Казахской ССР, автором более 300 научных работ и ряда изобретений. Его исследования в области сложных сплавов и технологии металлов стали значимым вкладом в развитие советской науки.

Как педагог и организатор науки, он возглавлял Карагандинский государственный университет, превратив его в один из крупнейших центров высшего образования республики. Под его руководством университет стал кузницей кадров для науки, образования и промышленности.

Как общественный деятель, Букетов был активным участником культурной и политической жизни страны. Его отличала смелость в отстаивании научных и нравственных принципов, стремление воспитать новое поколение интеллигенции.

И, наконец, как писатель и мыслитель, он оставил богатое литературное наследие, в котором отразились его философские взгляды, гуманистические убеждения и стремление соединить науку и культуру. В его публицистике и эссеизме проявляется особое мироощущение – синтез точности научного знания и глубины художественного слова.

Именно эта многогранность делает изучение литературного наследия Букетова особенно актуальным: оно позволяет рассмотреть его не только как писателя, но и как универсального интеллектуала, для которого слово было инструментом формирования духовных ориентиров общества.

Литературное творчество Букетова выходило за рамки публицистики и выполняло важную просветительскую миссию, формируя мировоззрение и духовные ценности общества.

Букетов писал публицистические статьи, научно-популярные очерки, художественные эссе. Его тексты отличаются широтой проблематики:

- философские и нравственные вопросы. В одном из эссе он писал: *«Истинное величие человека измеряется не должностью и не славой, а способностью нести ответственность за других»*. Здесь ярко звучит его морально-гуманистическая позиция [1].

- связь науки и культуры. В своих работах Букетов подчёркивал, что наука и гуманитарное знание не могут существовать раздельно: *«Учёный, который забывает о культуре, рискует превратиться в механика, а писатель без науки – в сказочника»* [2].

- национальная память и традиции. Автор нередко обращался к историческим темам, осмысливая духовный опыт народа, его устойчивость и стремление к развитию.

Таким образом, литературное наследие Букетова можно рассматривать как своеобразный мост между наукой, культурой и философией.

Стиль Евнея Букетова отличается синтезом научного мышления и художественного выражения, что делает его произведения уникальными в казахской литературе второй половины XX века. Его тексты невозможно отнести исключительно к публицистике или художественной прозе - они представляют собой жанровое пограничье, соединяющее исследовательскую строгость и эмоционально-образное начало.

1. Логичность и структурированность изложения

Будучи учёным, Букетов сохранял в литературных текстах принцип научной аргументации: чёткая постановка проблемы, доказательность, переход от частного к общему. Даже в эссе и публицистике его стиль напоминает лекцию, обращённую к широкому кругу читателей.

Так, рассуждая о роли интеллигенции, он писал: *«Истинное величие интеллигента измеряется не званиями, а способностью мыслить ясно и говорить честно»*. Здесь проявляется и чёткость формулировки, и прямота публицистической позиции.

2. Метафоричность и философская образность

Несмотря на научную строгость, Букетов активно использовал метафору как средство углубления смысла.

- В эссе о развитии общества он сравнивал человека с рекой: *«Человек подобен реке: сила его - в движении, чистота - в источнике, широта - в притоках»*. Здесь образ природы превращается в философскую категорию, где движение символизирует развитие, источник - духовную основу, а притоки - культурное обогащение.